"Мемлекеттік органдарға қажетті есептілікті Ұлттық әл-ауқат қорының интернет-ресурсына орналастыру қағидаларын, сондай-ақ есептіліктің тізбесін, нысандарын және орналастыру кезеңділігін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 қазандағы № 1384 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 29 желтоқсандағы № 949 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 11 шілдедегі № 550 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 11.07.2023 № 550 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Мемлекеттік органдарға қажетті есептілікті Ұлттық әл-ауқат қорының интернет-ресурсына орналастыру қағидаларын, сондай-ақ есептіліктің тізбесін, нысандарын және орналастыру кезеңділігін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 қазандағы № 1384 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік органдарға қажетті есептілікті Ұлттық әл-ауқат қорының интернет-ресурсына орналастыру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Мемлекеттік органдарға қажетті есептілікті Ұлттық әл-ауқат қорының интернет-ресурсына орналастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) " Ұлттық әл-ауқат қоры туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 13-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді және Ұлттық әл-ауқат қоры (бұдан әрі – Қор) мен Қордың тобына кіретін ұйымдардың (бұдан әрі – ұйымдар) мемлекеттік органдарға қажетті есептілікті Қордың интернет-ресурсына орналастыру тәртібін айқындайды.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Қордың интернет-ресурсында орналастырылған қолжетімділігі шектелген электрондық ақпараттық ресурстарды қорғаудың "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген құқықтық, ұйымдық және техникалық (бағдарламалық-техникалық) шараларын Қор қабылдайды.";

көрсетілген қаулымен бекітілген мемлекеттік органдарға қажетті есептіліктің тізбесінде және оны Ұлттық әл-ауқат қорының интернет-ресурсына орналастыру кезеңділігінде:

реттік нөмірі 12-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

12.	"Жекешелендірудің 2021 – 2025 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 908 қаулысында көзделген Қор объектілерін бәсекелес ортаға беру жөніндегі есеп (12-нысан)	ттоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне дейін	ПӘ (келісу бойынша), ПМК, ҰЭМ, Қаржымині, БП (келісу бойынша), СҚА (келісу бойынша), ЕК (келісу бойынша)

";

ескертпеде:

аббревиатуралардың толық жазылуында:

мына:

"ИИДМБ – Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"ИИДМБ – Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы";

көрсетілген қаулымен бекітілген Ұлттық әл-ауқат қорының интернет-ресурсына орналастырылатын, мемлекеттік органдарға қажетті есептілік нысандарында:

5 және 12-нысандар осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *А. Мамин*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2021 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 949 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 31 қазандағы
№ 1384 қаулысымен
бекітілген

5-нысан

ИИДМБ1, "Нұрлы жол"2 шеңберінде және Қордың Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын Қордың инвестициялық жобалары туралы ақпарат

Р/с №	Жобаның атауы	Қатысушылар	Өңір	Мақсаты/ әсері	Іске асыру мерзімдері	Өндіріс қуаты	
						Жылына заттай мәнде	Жылына құндық мәнде, млн теңге
1	2	3	4	5	6	7	8
1.							
2.							

кестенің жалғасы:

Кезеңдегі жұмыс орындарының саны		Жобаны іске асыру басталғаннан бері игерілген инвестициялар		Жобаның құны, млн теңге	Қаржыландыру схемасы				
Құрылыс	Пайдалану	млн теңгемен	жобаның жалпы құнынан %-бен		Меншікті (Қор және ЕТҰ3)	қарыз	РБ4	оның ішінде РБ (ҰҚ5)	БЖЗҚ6 (қарыз)
9	10	11	12	13	14	15	16	17	18

кестенің жалғасы:

Пайдалануға берілген күні (АА. ЖЖ.)	Жобалық қуатқа шыққан күні (АА. ЖЖ.)	Өндірілген өнімнің заттай мәндегі көлемі (пайдалануға берілген күннен бастап), тонна, дана және т.б.	Құндық мәндегі өндірілген өнімнің көлемі (пайдалануға берілген күннен бастап), млн теңге	Ағымдағы жағдайы (жоба бойынша орындалған іс-шаралар және жүргізілетін жұмыстар)	Проблемалық мәселелер	
					Мәселе	Құзыретті органды көрсете отырып, шешу жолдары
19	20	21	22	23	24	25

---

1 Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

2 Инфрақұрылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған "Нұрлы жол" мемлекеттік бағдарламасы

3 Еншілес және тәуелді ұйымдар

4 Республикалық бюджет

5 Ұлттық қор

6 Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры

12-нысан

"Жекешелендірудің 2021 – 2025 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 908 қаулысында (бұдан әрі – № 908 ҚРҮҚ) көзделген Қор объектілерін бәсекелес ортаға беру жөніндегі есеп

Активтің атауы	№ 908 ҚРҮҚ-ға № 2/№ 5/№ 6 қосымшада берілген	Меншікті үлес, барлығы, %	Сатылатын (берілетін) үлес, %	Бәсекелес ортаға беру, күні		
				Сату күні (сатып алу-сату шартына қол қою)	Қордың құрамынан шығу нысаны (сатылды, таратылды, қайта ұйымдастырылды)	Сату тәсілі
1	2	3	4	5	6	7
Жиыны						
№ 908 ҚРҮҚ бойынша барлығы						
№ 908 ҚРҮҚ 2-қосымша бойынша						
№ 908 ҚРҮҚ 5-қосымша бойынша						
№ 908 ҚРҮҚ 6-қосымша бойынша						
Қалдық						

кестенің жалғасы:

Құны12, мың теңге					Өзгелер
Баланстық13 (меншікті капитал)	Бағалау (бастапқы)	Сату	Айырмасы		
			баланстық	бағалау	
8	9	10	11=10-8	12=10-9	13
Жиыны					

12 Таратылған және қайта ұйымдастырылған активтер бойынша толтыру талап етілмейді.

13 Активті сату жылының алдындағы есепті жылдың ішіндегі қаржылық көрсеткіштер көрсетіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК